



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- [vremenno-otklyuchili-krupneyshie-socseti-i-messendzhery](#) (дата обращения: 12.03.2018);
21. А. Никифоров. Возможности и ограничения протестной мобилизации через социальные сети. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.nbpublish.com/library_get_pdf.php?id=31663 (дата обращения: 12.03.2018);
22. Краснокутский Дмитрий Николаевич Молодежь и социальные сети Интернета: теоретико-прикладной анализ // Общество и право. 2017. №1 (59). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/molodezh-i-sotsialnye-seti-interneta-teoretiko-prikladnoy-analiz> (дата обращения: 12.03.2018);
23. Анонимные комментарии запретили: Назарбаев подписал закон. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/anonimnyie-kommentarii-zapretili-nazarbaev-podpisal-zakon-334276/ (дата обращения: 12.03.2018);
24. Глобальный индекс кибербезопасности от ITU: Грузия и Россия вошли в топ-10. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://digital.report/globalnyiy-indeks-kiberbezopasnosti-ot-itu-gruziya-i-rossiya-voshli-v-top-10/> (дата обращения: 12.03.2018).

УДК 331.108.44

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫН АЛДЫН-АЛУДЫҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Ғаниева Камила Асқарқызы

kamila-ganieva97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С. Рыстина

Елімізде жұмыссыздықпен күрес қызу жүргізілгенімен, бұл мәселе әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Қазіргі уақытта жұмыссыздық дерті тек қазақ қоғамын ғана емес, әлем елдерін алаңдатып отыр. Ал Қазақстанда жұмыссыздықтың салқыны ең әуелі жастарды шарпуда. Соңғы жылдары елімізде екі қолға бір күрек таппай жүрген жас мамандар қатары көбейіп кетті. Бұған не себеп? Жастардың жұмыссыз қалуына кім кінәлі? Әлде жастардың жұмыссыздығына олардың жалқаулығы әсер етеме?

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілгендей: «Жастар – Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі азаматтары» [1]. Қазақстандық жастар деп қоғамда қалыптасқан қоғамдық және экономикалық байланыстар мен қатынастарға толық, етене еніп жақындасып кете қоймаған, оларға қосар аса әлеуетті мүмкіндіктер мен ресурстары міндеттеріне қарағанда бостандықтары мол, ескі консервативтік құндылықтардан біршама ада, мемлекет пен қоғам тарапынан едәуір мөлшерде әлеуметтік, моральдік қолдауға ие, әлеуметтік-демографиялық топты атайды. Ресми деректер бойынша, қазіргі таңда еліміздің 15 пен 24 жас аралығындағы азаматтары 2 млн-ды құрап отыр (1 маусым, 2017). Оның 49%-ы (980 000) еңбек қызметіне қатысады. Жастардың үштен бір бөлігі ОҚО мен Алматы қаласында шоғырланған. Алайда, осы аймақтардағы жұмыспен қамтылған жастардың үлесі тиісінше 33% және 49% құрайды. Астана және Ақмола облысында жастар үшін мүмкіндіктер әлдеқайда көбірек. Бұл жерде жастардың жартысынан көбісі жұмыс істейді, яғни 61% және 56%. Дегенмен, елордамызда жұмыссыз жастардың деңгейі 4,8%-ды көрсетіп отыр. Жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (6,5%), Қарағанды облысында (6,1%) және Алматыда (5,3%) байқалды. Ал, бұл аймақтармен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, жастар

жұмыссыздығының төмен деңгейі ШҚО (2%), ОҚО (1,7%) және Атырау облыстарында (1,5%) орын алған [2].



Сурет - 1. Қазақстандағы облыс аймақтарындағы жастар жұмыссыздығының пайыздық көрсеткіші

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың артуына себеп те аз емес. Солардың қатарында:

- 1 • Жастардың қажетті кәсіптік біліктілігі, жұмыс тәжірибесі жоқ;
- 2 • Жоғары оқу орындарының нарық талабына сай маман даярлай алмауы;
- 3 • Мамандарды әзірлеу үшін қажетті инфрақұрылымдардың болмауы;
- 4 • Бос жұмыс орындары туралы нақты ақпараттың жоқтығы.

Сурет - 2. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың себептері

Бұл бүгінгі қоғамда айқын көрініс тауып отыр. Оны ешкім жасыра алмайды. «Диплом бар, жұмыс жоқ». Қазір жұмыссыз жүрген жастардан тек осындай жауап алуға болады. Жоғары оқу орнын аяқтап, қолына дипломын алған көптеген жас маманның жұмыссыздық мәселесімен бетпе-бет келетіні жасырын емес. Жоғары оқу орнын бітірген түлектерді ешқандай жұмыс беруші құшақ жая қарсы алмайтындығы да ақиқат. Ал кейбір мамандар жоғары білімді жастардың жұмыссыздығын олардың мамандықты дұрыс таңдамауымен байланыстырады. Яғни, сұранысқа ие мамандықтардан гөрі бүгінгі күннің «сәнге айналған» мамандықтарын таңдауға тырысады. Бұл бүгінгі жастар арасындағы жұмыссыздыққа кері ықпалын тигізетін бірден-бір себеп. Ауыл шаруашылығы, техникалық салаларда, медицинада мамандар тапшылығының сезіліп жүргеніне біраз уақыт болған. Алайда бұл олқылықтың орнын толтыратын жас мамандар әлі күнге дейін табылмай тұр. Түлектердің басым бөлігі мұндай салаларды таңдаудан бас тартып жүргені өкінішті.

Ең сорақысы, жұмыс істеуге ниет білдірген, университетті енді ғана аяқтаған жас мамандардан жұмыс берушілер бірнеше жылдық тәжірибе талап етеді. Дипломын бүгін ғана қолына алған маманда қандай еңбек тәжірибесі болуы мүмкін?! Демек, жастарға тәжірибе жинақтау үшін студент кезінен бастап мамандық бойынша қызметке араласуы қажет.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы мәселесі біртіндеп шешіліп жатыр. Солардың бірі — жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қолданылып жатқан шаралар және бұл шаралардың жүзеге асырылуы:

1. Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы аясында нақты шаралар мен міндеттер орындалуы керек. Жастардың құқығы қорғалуы керек.

2. Жастар кәсіпкерлігін қолдау тиіс.

3. Қазіргі жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы жастардың тұрмысын түзеу үшін қолға алынып отырғаны шындық. Бүгінде жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл жастары», «Дипломмен — ауылға!», «Жастар – кадрлық резерві», «Жастар — Отанға» және «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы сияқты жақсы-жақсы жобалар бар [3].

Жастарды еңбекпен қамтуға «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасында ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарламаның шамамен 60 %-на қатысушылары — бұл жастар. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы оларды қайта даярлау, білімі мен біліктілігін арттыру, әлеуметтік жұмыс орындарын ашу. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 29 жасқа дейінгі жоғары оқу орнын бітіріп, соңғы үш жылда өз мамандығы бойынша жұмыс істемеген барлық жас мамандардың қатысуға мүмкіндігі бар. Ең бастысы, олар ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелуі керек. «Жастар тәжірибесіне» қатысатын жас мамандардың еңбекақысы республикалық бюджеттен төленеді. Аталмыш бағдарлама бойынша 6 ай қызмет ететін жас мамандарға ай сайын 40 мың теңге көлемінде жалақы беріледі. Бұл бағдарлама жас мамандардың жұмыс тәжірибесіне қатысты мәселесін шешуге үлкен көмегін тигізетіні анық. Алайда, жалақының аздығынан жас мамандар бағдарлама бойынша жұмыс істеуден қашқақтайды. Жастардың осындай әрекеттеріне қарап олардың жұмыссыздығы қолдан жасалып отырғандай көрінеді. «Жалақысы аз, жұмысы қиын, жұмыс уақыты тым ұзақ» сынды бітпейтін сылтауларды айтып, жұмыс істеуден қашқақтайтындар да табылады. Сөйтіп, «жастардың жұмыс істеуіне мүмкіндік берілмейді» деп ұрандайды.

Жас мамандарды жұмыспен қамтуға септігін тигізетін бағдарламаның бірі – «Серпін – 2050». Аталмыш бағдарлама бойынша Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жастары Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Батыс және Шығыс, Солтүстік Қазақстан облыстарына оқуға түседі, өздерінің мамандықтары бойынша жоғары білім алады. «Қазіргі таңда демографиялық жағдайға қарасақ, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында бала туу деңгейі жоғары, көшіп келушілер де көп. Мұның барлығы жұмыссыздық мәселесін тудырады. Ал кейбір аймақтарымызда керісінше, өнеркәсіп орындары көп болғанымен кадрлар жеткіліксіз. Осы мәселелерді тиімді шешу мақсатында жастарға арнап мемлекетіміздің қолдауымен «Серпін-2050» бағдарламасын жүзеге асырудамыз», – деген болатын «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» Мемлекеттік бағдарламасы Республикалық Үйлестіру Кеңесінің төрағасы Мұрат Әбенәв[4].

«Дипломмен – ауылға». Бұл – жастарды жұмыспен қамтуға септігін тигізеді деп күткен үмітті бағдарламаның бірі. Үкімет 2009 жылы дәл осы бағдарламаны ұсынғанда, жұртшылық қуанған. Тіпті, ауылдағы ағайын «жас мамандар бас бұрса, ауылдың жағдайы оңалатын болды» деп бөркін аспанға атқан. Бірақ, бағдарлама да, жастар да сенімді ақтамады. Жұмыссыз жастардың қатарын сейілтуге жас мамандарды «Дипломмен – ауылға» жөнелту идеясы да септігін тигізе алған жоқ. Әуелде жұмыссыз жастарға бастысы жұмыс табу болатын. Олардың қала немесе ауыл деп таңдауға мүмкіндіктері болған жоқ. Мемлекеттің көрсетіп отырған қолдауына ие болу үшін бағдарлама бойынша ауылға жол тартқан дипломы бар жастар табылды. Кейін мұндай жастардың қатары күрт артып, тіпті келісімшартты бұзған жас мамандар да табыла бастады. Қалай десек те, ауылға барған жастардың алған білімі бойынша жетістікке қол жеткізіп, кәсіп көзін ашқаны көп кезікпеді. Бүгінде қала жастарының көпшілігі жұмыссыз жүрсе де, бұл бағдарлама бойынша ауылды жерлерге баруға ниеттілер қатары сиреуде. Ал Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жұмысты

ауылдан іздеу керектігін айтады. «Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек, дағдарыс жағдайында бізді асырайтын – ауыл, ауылда жұмыс болу үшін, қаланы асырай алуы үшін жеке шаруаларды, ауыл тұрғындарын, шағын шаруа қожалықтарын қайта қауымдастырып, біріктіру қажет», – деген Мемлекет басшысы[5].

Сонымен қатар, жастардың арасындағы жұмыссыздың деңгейін төмендету мақсатында мен өзімнің келесідей ұсыныстарымды ұсынғым келеді:

Шетелдік тәжірибені қолдану. Жапония министрлігінің баспасөз қызметі, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін Токиодан көрші Тиба префектурасына автобуспен саяхат ұйымдастырады. Үш күн ішінде турға қатысушылар жұмыс күшіне мұқтаж жеті компанияға барып, олардың жұмысымен танысады және оларға өз қызметтерін ұсына алады. Қатысушылардың тамақтандыру шығындарын қоспағанда, министрлік сапарды толықтай өздері қаржыландырады. Министрлік бүкіл ел бойынша 100-ге жуық осындай экскурсия ұйымдастырған. Жапонияда жұмыссыздықпен күресудің ең тиімді жолы - жапон автобусының экскурсиясыболған. Қазақстан үшін бұл тәжірибені қолдана аламыз ба? Әрине, қолдануға толықтай мүмкіндігіміз бар деп есептеймін.

Біз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар заманы болғандықтан, қазіргі кезде ақпараттық кеңістікте ғаламтордың рөлі күннен күнге артуда. Соған байланысты жұмысты ғаламтордың көмегімен үйде отырып та іздеуге мүмкіндік бар. «Head Hunter», «Jooble», «Market.kz» сияқты веб-парақшалар көптеген жұмыстың түрлерін ұсынады. Алайда, бұл парақшаларды жетілдіру керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, әрбір университет өзінің түлектерінің жұмыспен қамтылуына жағдай жасау керек. Мысалы, әрбір ЖОО-ы өзінің студенттерін жұмысқа орналастыруға байланысты жаңа қосымша жасап шығаруға мүмкіндігі бар. Бұл қосымшаның жұмыс істеу механизмі келесідей форматта жүргізілуі мүмкін: кез-келген студент қосымшаға тіркелгеннен кейін, өзі туралы ақпаратты жүктеуі керек (суреті, туған күні, мамандығы, университет қабырғасында жеткен жетістіктері, жазған ғылыми мақалалары мен жобалары және т.б.). Жұмыс беруші қосымшаға кіру арқылы өзінің талаптарына сай келетін мамандарды іздейді. Егер жас түлек талаптарға сай келсе, жұмыс беруші оған сұраныс жіберу арқылы жұмыс ұсына алады. Соның нәтижесінде, бұл қосымша көмегімен жас мамандар ЖОО-ын тәмамдағаннан кейін, бірден жұмысқа орналаса алады. Сәйкесінше, бұл жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ықпал жасайтыны анық.

Оқу орындарын мемлекеттік білім гранты негізінде тәмамдаған мамандардың сол сала бойынша міндетті түрде белгілі бір уақыт аралығына жұмыс істеу керек деп міндеттеу керек. Неге осындай іс-әрекеттерге бармасқа? Оқуға түскен кезде келісім-шартқа отыру арқылы біз азаматтың бойында ең алдымен өзінің алдындағы, одан соң мемлекеттің алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастырып қана қоймай, мемлекеттік қаржының нәтижесіз жұмсалыуының алдын-аламыз.

Ірі компанияларды жыл сайын белгілі бір студенттердің санын практикаға алуға міндеттеу. Егер орындамай жатқан жағдай салық мөлшерін арттыру немесе белгілі бір мөлшерде айыппұл салу қажет. Сонда ғана біз жас маманмардың тәжірибесін шындай түсеміз.

Қорытындылай келе, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінің өзектілігін анықтай отырып, жоғарыда атап өтілген жұмыссыздыққа қарсы күресте қолдануға болатын ұсыныстар бұл мәселенің шешілуіне жасалған үлкен қадамдардың бірі болып табылады. Жай ғана бағдарламамен бұл мәселенің шешімі табылмайтыны түсінікті. Сондықтан, нақты іске көшу қажет.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-эканомикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Жастар - еліміздің басты генераторы. Біз Елдің болашағы – білімді жастардыңқолында!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>
2. Қазақстанда жастардың арасындағы жұмыссыздық деңгейі төмендеді, 1 маусым 2017. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://informburo.kz/novosti/v-kazahstane-snizilsya-uroven-bezroboticy-sredi-molodyozhi.html>
3. Жастарға жайбасарлық жараспайды, Оралхан Дәуіт, 29 қараша 2016. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.tarsu.kz/ru/digest/item/4743-zhastar-a-zhajbasarly-zharaspajdy/4743-zhastar-a-zhajbasarly-zharaspajdy.html>
4. Мұрат Әбенov: «Серпін-2050» жобасына қатысушылардың арасында бәсеке жоғары, 22 шілде 2015. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://www.ektu.kz/newsevents/muratabenov.aspx>
5. Кәсіби мамандар ауылға аттануда, Әсел Ануарбек, 3 тамыз 2017. [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://turkystan.kz/article/41671-k-sibi-mamandar-auyl-a-attanuda>

УДК 2(075.8)

К ПРОБЛЕМЕ ИЗУЧЕНИЯ ПРОФИЛАКТИКИ РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Досмахамбетұлы Ғазиз

gaziz2030d@mail.ru

Докторант 1 курса специальности «Политология» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – М.Ю. Онучко

В последние годы Казахстан, как и другие страны Центральной Азии постоянно подвергался угрозам религиозной радикализации и экстремизма. Во многих сообщениях говорится, что именно молодежь и женщины чаще всего подвергаются манипуляции и завербовываются радикальными группировками для совершения актов насилия как в своих странах, так и за его пределами их границ в таких странах, как Афганистан, Ирак, Сирия и Египет. Только из Казахстана, по официальным данным, около 500 человек, в том числе мужчины, женщины и дети, принимают участие в боевых действиях на стороне ИГИЛ [1].

Вместе с тем, по неофициальным данным цифры могут быть в разы больше. Их привлекает как обещание выгодного финансового предложения, так и выход из кризиса среди прочего. Здесь стоит отметить сам механизм радикализации наших граждан. В ее основе лежит схема манипулирования: создание предконфликтной ситуации, в обществе появляется категория имамов, поднимающих не большие, но острые вопросы: подчинение мазхабам, имамам, вопросы антропоморфизма, критика ДУМК и национальной идентичности, т.е. делают вызовы, выводя людей в поле конфликта. Любой конфликт, не может продолжаться вечно и тогда по определенной заложенной программе радикалы и предлагают выход из конфликта – джихад [2].

При этом сама идеология ИГИЛа – идеология апокалипсиса под лозунгом «мы должны быть в рядах, спасшихся», т.е. все просто – достаточно совершить «достойный» поступок (джихад, террористический акт), который позволит «достойно» покинув этот бранный мир оказаться в «райских куцах». При этом традиционные религии, спасение души и место в «небесной недвижности» не могут гарантировать [3, С.297].

В 2016 году террористические атаки в Актобе и Алматы показали, что несколько нападавших ранее пытались попасть в Сирию, но не смогли осуществить путешествие и